«Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы»
Атырау музыка колледжі

«Бекітемін»
Колледж директоры, ө.ғ.к
_____ Г.М.Садуахасова
«_28_» _08_ 2018 жыл

КМҚК «Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы»
Атырау музыка колледжінің студенттік
Жатақханада тұру Ережесі

Атырау

1.Жалпы ережелер

1.1. «Д.Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжі (АМК) осы Ережесі студенттік жатақхана тұрғындарының барлығы міндетті түрде орындауға жататын нормативті акт болып табылады.

1.2. Өтініш бойынша басқа қаладан /облыс аудандары/ келген студенттерді жатақханаға орналастыру жүзеге асады.

1.3 Жатақханадан орын беру барлық мұқтаж студенттерді қамтуға кепілдік бермейді. Студенттік жатақханадағы орын төмендегідей тәртіппен беріледі:

1) тұлдыр жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар;

2) I және II топтағы мүгедек білім алушылар;

3) ата-анасының біреуі немесе екеуі де I, II топтағы мүгедек болып табылатын білім алушылар;

4) аз қамтылған көп балалы отбасынан шыққан студент;

5) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектерге теңестірілген білім алушылар;

6) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан студент;

7) ҚР азаматтары болып табылмайтын оралман санатындағы студент;

8) «Алтын белгі» игерелері (растайтын құжаты бар) бірінші курсқа қабылданған студент;

9) Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген студент;

10) мемлекеттік грант негізінде оқуға қабылданған бірінші курс студенттері;

11) мемлекеттік білім гранты немесе тапсырысы негізінде оқитын жоғары курс білім алушылары;

1.4 жатақханаға орналасу кезінде АМК мен студент арасында тұрғын бөлмені жалға алу туралы екі жақты келісімшарт (2 дана) жасақталады.

1.7 Студент жатақхана комендантына студенттік жатақханадан орын бөлінген жолдаманы көрсету керек және медициналық анықтамасын, жатақхана ақысын төлегендігі туралы түбіртек тапсыру міндетті.

1.8 Жатақханаға орналасушы Осы Ережемен, техникалық қауіпсіздік бойынша нұсқаулығымен танысуы тиіс және тұлғаларды тіркеу журналына студенттік жатақханада тұру Ережесі мен қауіпсіздік техникасы Ережесімен танысқандығын растап қол қоюы міндетті.

2. Жатақхана тұрғындарының құқықтары мен міндеттері

2.1. Жатақхана тұрғыны құқылы:

- жатақханадағы оқу, мәдени-шаруашылық және спорттық-сауықтыру бағытындағы жабдықтар мен құрал-саймандарды пайдалануға;
- студенттердің тұрмыстық-баспаналық жағдайы, жатын бөлмелер мен сабаққа дайындалатын бөлмелерді жабдықтау мен безендіру, бос уақыттарын

ұйымдастыру мәселелерін шешуге Студенттік өзін-өзі басқару кеңесі арқылы қатысуға.

2.2. Жатақханада тұрушылар міндетті:

- жатақханаға орналасар алдында бір семестр ішінде тұруға болатындығы туралы түбіртекті жатақхана комендантына беруге;
- жылына екі рет оқу семестрінің басында жатақханада тұруға төлем төлеу, төлем төлегендігі туралы түбіртекті жатақхана комендантына беруге (көшірме);
- Жарғыны, студенттік жатақхана туралы Ережені, осы Ережені, өзге де АМК-нің нормативті актілерін, қауіпсіздік техника ережесін, бөлмені жалдау Шартын сақтауға;
- азаматтардың миграция жөніндегі заң талаптарын сақтауға, азаматтарды уақытша және тұрғылықты мекенжайында тіркеуден өткізу талаптарын орындауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның жеке пайдалануына берілген мүлікке материалдық жауапкершілік атқаруға, жатақхана ғимаратына, жабдықтары мен мүліктеріне ұқыпты қарауға;
- АМК-не келтірілген шығынды өтеуге, жоғалтқан немесе бүлдірген мүлік пен жабдықтардың құнын төлеуге;
- оқу жылының аяғында жатақхана комендантына бөлмені толықтай тапсыруға (тұрғындар қабырға, есік, құлып, жиһаздарды бұзған жағдайда толық жөндеуі тиіс);
- АМК-нің өкілін бөлмедегі санитарлық-техникалық және басқа да жабдықтардың жағдайын қарауға, сонымен қатар қажетті жұмыстарды орындау үшін кіргізуге;
- тұрғын бөлмелердегі бір заттың бұзылғандығын байқаған кезде бірден оны жөндеу шараларына кірісуге және міндетті түрде жатақхана комендантына хабарлауға;
- бекітілген кестеге сәйкес тұрғын бөлмеге және қызмет бөлмесіне, көпшілік пайдалану орнына ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізуге, тұрғын бөлмені тиісті санитарлық жағдайда ұстауға. Тазалау кестесі Студенттік өзін-өзі басқару кеңесі, жатақхана қабатындағы старостасымен құрылып, жатақхана комендантымен келісіледі.
- кірленуіне қарай аптасына бір рет төсек тыстарын (көрпе тысы, төсек жайма, жастық тысы) ауыстыруға, санитарлық ереже мен нормаларды сақтауға; жеке гигиена ережесін сақтауға;
- су, электр жарығын үнемдеп қолдануға;
- рұқсат етілген тұрмыстық құрылғыларды қолдануда қатаң нұсқаулықты сақтауға;
- жатақханаға 23.00-ден кеш келмеуге;
- жатақханада 23.00 мен 7.00 аралығына тыныштық сақтауға;
- студенттік жатақхана комендантының, Студенттік өзін-өзі басқару кеңесінің, қабаттағы старостасының тапсырмасын орындауға міндетті және комендант, студенттік кеңес пен қабаттың старостасы егер студент студенттік

жатақханада тұру Ережесін бұзған болса, оны жатақханадан шығаруға өтініш білдіруге құқылы;

- жатақханада өткізілетін жиналыстарға қатысуға;
- күн сайын хабарландыру тақтасындағы ақпараттарды қарауға;
- бөлмені жалға алу Шартына сәйкес жатақханадан біржолата шыққанда (сонымен бірге каникул кезінде) өзінің атына жазылған төсек-орын жабдықтарын және бөлмені тапсыруға.

2.3. Жатақханада тұрушыларға тыйым салынады:

- өзінің рұқсат қағазын басқа біреуге беруге және жатақханада сырттан келген адамдарды қонуға қалдыруға;
- спирттік ішімдіктер ішуге, жатақханада мас күйінде немесе есірткінің әсерінде болуға;
- есірткі заттар мен психотроптық заттарды қолдануға, сақтауға, таратуға;
- бөлмеде және көпшілік пайдалану орнында темекі тартуға (соның ішінде кальян);
- жатақханаға спирттік ішімдіктерді әкелуге;
- Колледж аумағына, жатақхана аумағына, бөлмеге қару (пневматикалық, трамватикалық, суық қару) әкелуге, сақтауға;
- «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңмен тыйым салынған діни сипаттағы шараларды, жиналыстарды өткізуге;
- өз еркімен бір бөлмеден екінші бөлмеге ауысуға;
- инвентарьді бір бөлмеден басқа бөлмеге өз еркімен тасуға;
- электр сымдар жүйесін жөндеуге және өзгертіп жасауға;
- бөлмеге және көпшілік пайдалану орнына қосымша электр жылыту қондырғыларын орнатуға;
- бөлмеден тыс радиқабылдағыштың, магнитафонның, мобильді телефонның, теледидардың даусын қатты тыңдауға;
- тұрғын бөлмелер есіктеріндегі құлыпты өз еркімен ауыстыруға немесе қосымшаларды қоюға;
- өз еркімен жиһазға демонтаж жасауға және бөлме ішінде қоршау жасауға;
- студенттік жатақханада үй жануарын ұстауға;
- би билеуді, дискотеканы және басқа да көпшілік шараларды өз еркімен ұйымдастыруға;
- бөлмеде және көпшілік пайдалану орнында қоқыс қалдыруға;
- терезеден қоқыс және әртүрлі заттарды лақтыруға, су төгуге, кілем мен төсектерді терезеден қағуға, терезе сыртында тамақ сақтауға;
- төбеге шығуға, шатырға көтерілуге, терезе алдындағы тақтайға отыруға, тұруға;
- түнгі 23.00 мен 06.00 аралығында тамақ әзірлеу үшін тұрмыстық бөлмені пайдалануға;

3. Осы Ережені бұзғандығы үшін жауапкершілік

3.1. АМК бекіткен осы Ережені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен АМК-нің нормативтік актілерінде сәйкес жатақхана тұрғынына әкімшілік, тәртіптік және өзге де жауапкершілік қолданылуы мүмкін.

3.2. Жатақханада тұрушының осы Ережені бұзған жағдайда оларға келесі тәртіптік жазалар қолданылады: ескерту, сөгіс, жасалған Шартты бұзғаны үшін жатақханадан шығару.

3.3. Тәртіптік жаза теріс қылық жасалған мезеттен кейін, бір айдан кешікпей қолданылады (студенттің ауырған немесе оқудан жоқ болған кезеңін есептемей).

4. Жатақханадан шығару негіздемесі

4.1. АМК жатақханасында тұрушы келесі жағдайларда жатақханадан шығарылуы мүмкін:

- бөлмені басқа мақсатта пайдалану;
- тұрғындармен немесе басқа азаматтармен бөлмеде және үйде пайдаланылатын мүлікті қиратқан немесе бүлдірген жағдайда (қажетті шараларды қолдану үшін жауап береді (есік, терезе, қабырға, еден, құлып, шкафтар, жиһаз, ыдыс-аяқ жуғыш машина, кір жуғыш машина, су құбырының шүмегі, электрлі плита, тоңазытқыш, кір жуғыш машина, су құбырының шүмегі, батарея, москитті тор және т.б.)
- орналасу жері бойынша тіркеуден бас тартқан жағдайда;
- жатақханада тұру ақысы бойынша шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін;
- жатақхана комендантына жазбаша ескертпей, екі айдан артық бөлмеден жағдайда;
- жатақхана маңайындағы аумақта, дәлізде, бөлмелерде жүйелі түрде темекі тартып, мас күйінде немесе есірткінің әсерінде жүріс;
- есірткі заттар мен психотроптық заттарды қолдануға, сақтауға, таратуға;
- жатақханада тұрушы жарылғыш, химиялық қауіпті заттарды, пиротехникалық, атыс, суық қаруларды сақтауға;
- жатақханада тұрушы көршісінің заңды мүдделеріне және құқығын бұзған жағдайда;
- Жарғыны, ішкі тәртіп Ережелерін, студенттің жатақханада тұру Ережесін, АМК-нің басқа да нормативті актілерін, жатақхана бөлмесін жалға алу Шартын бір рет (немесе жүйелі) өрескел бұзғаны үшін;
- осы Ережені, ішкі тәртіп Ережелері мен Жарғыны бұзу себебі бойынша оқу мерзімінің соңына дейін АМК-нен білім алушыны оқудан шығару;
- тұрғынның жеке өтініші бойынша;
- оқу мерзімінің аяқталуы бойынша АМК-нен студентті шығарған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен АМК-нің нормативті актілерімен көзделген өзге де жағдайларда.

4.2. АМК жатақханасында тұру Ережесін өрескел бұзып, шығарылған студент жатақханада қайта тұру мүмкіндігінен айрылады.

4.3. Оқу жылының аяғында тұрған бөлмесін дұрыс тапсырмаған студент, жатақханада қайта тұру мүмкіндігінен айрылады.

4.4. Тәртіптік жаза ретінде АМК жатақханасынан шығару колледж бұйрығымен жүзеге асады.
4.5. Жатақханада тұрушы бұйрық шыққан үш күн мерзім ішінде АМК жатақханасынан шығарылады.